

## "Целинный кен-химия комбинаты" мемлекеттік холдинг компаниясы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 14 желтоқсан N 1537

Инвестицияларды тарту және "Целинный кен-химия комбинаты" мемлекеттік холдинг компаниясын қаржылық сауықтыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1996 жылғы 7 қыркүйекте Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мұлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті мен тендер жеңімпазы - "Уорлд Уайд Минералс Лтд" (Канада) арасында жасасқан "Целинный кен-химия комбинаты" мемлекеттік холдинг компаниясының мемлекеттік акциялар пакеті мен мүлкін сенімді басқаруға беру туралы N 64-96/1 контракт Қазақстан Республикасының Үкіметімен келісілді деп есептелсін.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мұлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті сенімді басқарушымен фосфор, құкірт қышқылы және химиялық тынайтқыштар өндірісі жөніндегі заводтарды бірлесіп басқару туралы жобаларды жүзеге асыру үшін "Қазметалл" акционерлік компаниясын тарту жөнінде қосымша міндеттемелер енгізу, сондай-ақ пайдаланылмаған қуаттылықтарда алтын мен түсті металдар өндірісін ұйымдастыру мәселелері жөнінде келіссөздер жүргізсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі